



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ

Жас ғалымдардың 2022-2024 жылдарға арналған грантты қаржыландыру жобасы (ҒЖЖБМ)

Жобаның атауы, ЖТН	AP13068618 «Қазақстан Республикасыны мәдени мұра нысандарын танымал ету және ішкі туризмді дамыту үшін пайдалану мүмкіншілігі»
Іске асыру мерзімі	20.05.2022-15.11.2024
Жоба жетекшісі	Кадырбекова Динара Сериковна - PhD докторы
Өзектілігі	Бұл жобаның негізгі идеясы қазақстандық мәдени мұраны сақтау және насихаттау оны елдің ішкі туризмін дамыту мақсатында пайдаланудың мүмкін жолдарын іздеу болып табылады. Бүгінгі таңда мәдени мұраны әлемдік деңгейде де, ұлттық деңгейде де қорғау және насихаттау ерекше назар аударуды қажет етеді. Жоба Қазақстан Республикасының «Мәңгілік ел» идеологиясының қағидаттарына сүйене отырып, «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының мәдени мұраны сақтау және мәдени-ағартушылық ортаны дамыту жөніндегі маңызды идеяларын жүзеге асыруға бағытталған. Жоба аясында ЮНЕСКО-ның Бүкіл әлемдік мұра тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасыны мәдени мұра объектілері, сондай-ақ туристік әлеуеті мен тартымдылығы жағынан республикалық маңызы бар нысандар зерттеледі.
Жобаның мақсаты	Жобаны мақсаты – ішкі туризмді ілгерілету және дамыту шін мәдени мұра нысандарын пайдалану жолдарын әзірлеу және енгізу.
Күтілетін нәтижелер	- 2022 жылы Қазақстан Республикасының мәдени мұра объектілері туралы ақпаратты қамтитын дереккөздер зерделенеді: социологиялық зерттеу жүргізу үшін сауалнамалар әзірленеді. Туристердің мүдделері мен қызығушылықтарын, сондай-ақ олардың

	<p>қолданысқа мәдени мұра объектілері туралы хабарлар болу деңгейін зерттеу үшін әлеуметтанулық зерттеу ұйымдастырылады. Өңірлер бойынша мәдени мұра объектілері (облыстар бойынша) зерделенеді және ізденіс барысында алынған ақпарат туралы есеп дайындалады.</p> <ul style="list-style-type: none">- 2023 жылы әлеуметтанулық зерттеу барысында алынған деректер талданады және туристік маршруттар мен жинақтау желісін әзірлеу үшін жалпы ұсынымдар әзірленеді және көлемі шамамен 300 бет А4 форматындағы әлемдік және республикалық маңызы бар мәдени мұра объектілерінің туристік каталогы шығарылады, таралымы 1000 дана. «Қазақстанның мәдени мұра объектілері» тақырыбы бойынша ЖОАК (жаппай онлайн ашық курс) дайындалады. ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарында мақала дайындалады және жарияланады.- 2024 жылы Scopus базасында индекстелетін басылымдарға мақала дайындалады және жарияланады (CiteScore бойынша процентиль 35-тен кем емес), ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдардағы мақала. Конференция дайындалып, өткізіледі. Авторлық куәлік алынады.
--	--